

**Қасабекова Еңлік Құралғазықызының «6D020600 – Дінтану»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға
ұсынылған «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен
діндарлық дәстүрлері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АҢДАТПАСЫ**

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыстың мазмұны қазақ халқының тарихындағы зайырлылық және діни құбылыстарының қалыптасуы, даму жолдары мен эволюциясын қамтиды. Зерттеу жұмысында көне түркілік кезеңнен бастап қазіргі кезеңге дейінгі қазақ халқының зайырлылық және діндарлық дәстүрлерінің қайнар көздері мен тарихи дамуы анықталып, олардың көпқырлы қалыптасу кезеңдері жан-жақты талданады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері – қазақ халқының рухани өмірінің маңызды мәселелерінің бірі. Зайырлылық құбылысы мәдениетаралық қатынастарды реттеуде, тек қазақ халқы үшін ғана емес, жаһандық даму кезеңіндегі жалпы адамзат үшін де маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл зерттеу тақырыбы гуманитарлық ғылымдардың әлеуметтік ортасы үшін үлкен өзектілікке ие. Жұмысты орындау барысында, қазақ халқының рухани әлемінің түрлі қырларын зерделей келе, қазақ халқының дүниетанымы мен менталитетіне сәйкес келетін зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерін зерттеу қажеттілігі айқындалды. Қазақ халқының тарихындағы ғасырлар бойғы қиыншылықтары мен жетістіктері халықтың өзіндік рухани болмысымен және мәдениетімен қоса өрілді. Бұл үдерістерде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері, олардың өзара үйлесімділігі маңызды рөл атқарды. Аталмыш екі құбылыстың қазақ халқының мәдени өмірінің ажырамас бөлігі болуы да тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Сонымен қатар, қазақ халқының жалпы рухани өмірінде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің өзара байланысып және өзара әрекеттесуі аса маңызды факторлардың бірі. Дүниежүзілік ауқымдағы өзектілікке ие қос құбылыстың ел бірлігін сақтаудағы маңыздылығы күннен күнге артып келеді. Қазіргі тарихи кезеңде зайырлылық пен діндарлық құбылыстарының тепе-теңдігін сақтауды қамтамасыз ету елдің әлеуметтік жайлылығы үшін зайырлылық пен діндарлықтың тепе-теңдігін табуды талап ететіні айқын.

Жалпы зайырлылық пен діни құндылықтар қазіргі геосаясатты қалыптастыруда әлемнің жетекші елдердің стратегиялық және тактикалық жоспарларына енгізіліп отыр. Осы ретте елдегі діни фактор мен дінге сенушілер және сенбейтіндердің мүдделері сөзсіз ескеріледі. Әлеуметтік өмірдің басқа да құбылыстарымен салыстырғанда, зайырлылық пен діндарлық құндылықтар көлеңкеде қалғандай көрінгенімен, олар дінге қатысты көптеген үдерістердің негізінде жатыр. Бұл зерттеу жұмысында осы құндылықтар жүйесі жеке-жеке және өзара тікелей байланыста қарастырылады. Зерттеудің тұжырымдамалық аспектілері олардың тәжірибелік қортындыларымен келісіледі. Зерттеуде нақты материал ретінде белгілі әлеуметтанушылардың Қазақстан Республикасындағы зайырлылық пен діндарлық мәселелері бойынша еңбектері кеңінен

қолданылып, халық арасында жүргізілген әлеуметтанулық және сараптамалық сауалнамалардың нәтижелері түсіндірілді.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Зайырлылық пен діндарлық тақырыбы қазақ халқының рухани және зияткерлік тарихында кеңінен қарастырылған. Түркі және қазақ ойшылдары әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, М.Х. Дулати, Ш.Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы, Ы. Алтынсарин, сонымен қатар, А.Н. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С.С. Сейфуллин, М.Б. Жұмабаев және басқа да ғалымдардың еңбектерінде зерттелді. Қазақстандық ғалымдар М.О. Әуезов, Ә.Х. Марғұлан, С.А. Қасқабасов, М.С. Орынбеков және т.б. шығармаларында қисынды түрде жалғасты. Жалпы зерттеу тақырыбы бойынша елімізде ғылыми ізденістермен айналысатын отандық ғалымдардың арасында атап өтетін тұлғалар: Н.Ж. Байтенова, Ғ.Есім, Н.Л. Сейтахметова, С.У. Абжалов, Д.Т. Кенжетай, Б.Қ. Бейсенов, А.Г. Косиченко, Е.Е. Бурова, Қ.М. Борбасова, А.Д. Құрманалиева, С.М. Каупенбаева, М.Б. Аликбаева, Б.М. Сатершинов, Б. Баймаханов, М. Исахан, М.Ж. Аханов, З.Г. Джалилов, К. Байсұлтанова, Қ.А. Затов, Ш. Рысбекова, Ш.М. Жандосова, М.К. Бектенова, А.Д. Шағырбай, Л.Н. Тоқтарбекова, А. Алтайқызы, М. Жүзей, А.И. Артемьев, Р.А. Подапригора және т.б.

Ал қазақ философиясы мен дінтану салалары бойынша бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, мәселені жалпы қазақ философиясының тарихы, рухани мәдениетін зерттеу аясында қарастыруға зор үлес қосқан философтар – А.Х. Қасымжанов, А.Н. Нысанбаев, Қ.Ш. Нұрланова, С.Н. Ақатай, Т.Х. Ғабитов, Ж.А. Алтаев, Н.Г. Аюпов, К.К. Бегалинова, Б.И. Карипбаев, С.Е. Нұрмұратов, Д.У. Құсайынов, Г.Ж. Нұрышева, А.Р. Масалимова, А.А. Құранбек, А. Сағиқызы, Г.Г. Барлыбаева, К.М. Қоңырбаева, Г.И. Нүсіпова және т.б. білікті мамандар.

Аталған жұмыстар диссертация тақырыбын кеңірек қарастырып зерттелуіне айтарлықтай ықпал етті. Диссертациялық жұмыста қазақ халқының тарихын, әдебиетін, құқықтық заңдары мен әдет-ғұрыптарын зерттеу арқылы мол рухани мұралар жинақтаған қазақ ойшылдарының еңбектері негізге алынып, ұлт болмысында еркіндік пен әділеттілік қағидаттары қоғамдағы барлық қатынастардың рухани-адамгершілік басымдылықтары екендігіне ғылыми талдау жасалды.

Зерттеу жұмысының мақсаты: қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діни дәстүрлердің тарихи маңыздылығын анықтап, олардың қазіргі қоғамның мәдени-тарихи даму контексіндегі рөлін айқындау. Зерттеудің жоғарыда көрсетілген мақсатына сәйкес диссертацияда мынадай **міндеттер қойылды:**

- Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылықты зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерін анықтау.

- Қазақ халқының рухани әлемінің құрамдас бөлігі ретінде діндарлықты талдаудың теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздері мен қағидаттарын айқындау.

- Түркілер кезеңінің рухани-мәдени дәстүрлеріндегі зайырлылық пен діндарлықты талдау.

- Қараханидтер дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейін дейінгі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және діни-рухани кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысын айшықтау.

- Абай іліміндегі зайырлылық пен діндарлық феномендерін қарастыру.

- Қазақ халқының рухани және практикалық мәдениетінің зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеу.

- Зайырлы Қазақстан болашағындағы діндарлықтың рухани ықпалының рөлін негіздеу.

Зерттеу жұмысының нысаны – қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері.

Зерттеу пәні: Қазақстан халқының тарихи және заманауи әлеуметтік-мәдени дамуы аясындағы зайырлылық пен діндарлық құбылысының ерекшеліктері.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері. Диссертациялық зерттеу жұмысы мәселені жан-жақты қарастыру үшін әдіснамалық және теориялық негіздер ретінде дінтанулық, философиялық және әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің ситуациялық ұстанымдарын басшылыққа алды. Қазақ руханилығын, ұлттық мәдениет пен дүниетанымындағы зайырлылық және діндарлық құбылыстарын толыққанды зерттеу үшін тарихи нақтылық, тарихи қайта құрылымдық, объективтілік қағидаттары өзектендірілді. Құндылықтық, герменевтикалық және салыстырмалы талдау тәсілдері ұтымды қолданыс тапты. Аталған әдістерге сүйене отырып тарих субъектісінің ақыл-ойының, өмір мәнінің, руханилығымен еркіндігінің құбылыстық негіздерінің теориялық мазмұнын ашып, оларды ғылыми тұрғыдан түсінудің нақты сипаттамасын беру әрекеті жасалды.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелерді философия тарихы, мәдениеттану, дінтану пәндері бойынша арнайы дәрістерде «Дінтану тарихы», «Мәдениеттану» «Қазақ философиясы» және т.б. арнайы курстарда пайдалануға болады. Теориялық ережелер мен тұжырымдар әлеуметтік-мәдени және зияткерлік-рухани салаларда қазіргі кездегі «Әділетті Қазақстан» доктринасын, «Адал азамат» концептісін жүзеге асыру барысында қолдануға ұсынылады, сондай-ақ қазіргі қазақстандық шындықта мәдениеттердің көпконфессиялы диалогын қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыс барысында бірқатар жаңа ғылыми нәтижелер алынды:

- Диссертацияның негізгі ғылыми жаңалығы ретінде діни саладағы әлеуметтік-дінтанулық зерттеулердің теориялық әдіснамасын маңыздылығын арттыру, зайырлы және діни құндылықтардың арақатынасының өзара тығыз байланысы және рухани кеңістіктегі қазақ халқының зайырлылық көзқарастарына объективті баға беру ұсынылды;

- Қазақ халқының рухани әлемінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде діндарлық құбылысына теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық тәсілдерге сүйене отырып жан-жақты талдау ұсынылды;

- Ғылыми және тарихи мәселелерді сыни зерделеу және зайырлылық пен діндарлық ұстанымдарының әлеуметтегі кейбір ұқсастықтары мен ерекшеліктерін нақты айқындау арқылы түркілік рухани мәдениеттің шынайы көріністері ретінде қарастыруға болатындығы байыпталды;

- Қараханидтер дәуірінен қазіргі заманға дейінгі тарихи сабақтастықта Қазақстанның рухани-мәдени, әлеуметтік кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың дүниетанымдық ерекшеліктері, бірегейлігі ашылды;

- Абай Құнанбаев еңбектеріндегі зайырлылық және діндарлық құбылыстарын көркем бейнелеу арқылы адамның рухани болмысын жетілдіруге бағытталған қазақ халқының рухани тарихының негізгі философиялық мәні айқындалды;

- Қазақ халқының рухани және практикалық мәдениетінің зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің ерекшеліктері жан жақты зерттелді;

- Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы діндарлық пен зайырлылық құбылыстарының қалыптасуы мен дамуындағы эволюция бірнеше кезеңдерден өткендігі және онда елдің бірлігі мен ұлттың мәдени бірегейлігін сақтауға ықпал еткен, рухани фактор рөлін атқарған зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысы мен бірін-бірі толықтырған тарихи тәжірибесі қалыптасқандығы негізделді;

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Адамзат тарихында әр уақытта ғылым мен діннің өзара ықпалы болған. Өйткені, әлеумет дәлелді және дәйекті ақпаратқа зәру болса, зайырлылық пен діндарлық сан ғасырлардан бері қоғамдық сананың өзегіне айналып келген. Сондықтан бұл құбылыстарды зерттеудегі нақты тарихи негіздер бар. Олар теориялық және әдіснамалық тұрғыда нәтижелерге арқа сүйеуі шарт. Адам білімге де, діни сенімге де ұмтылып келген, сондықтан тарихта зайырлықтың өзіндік дәстүрі қалыптасқаны белгілі.

- Еліміздің тарихында зайырлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуы әртүрлі тарихи кезеңде өзгерістерге ұшырап отырды. Алайда, ұлттың менталитеті мен дініндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлердің мазмұны негізінен бұзылмады. Халықтың ұлттық дәстүрлерімен және исламның адамгершілік қағидаттарымен қатар, қазақ зиялыларының еңбектерінде қоғамда рухани-адамгершілік қағидаттарының негіздері қаланды.

- Түркілік дәуір өзінің ерекше құндылықтарымен, тарихи тұлғаларымен ерекшеленеді. Түркілік дәуірдің рухани әлемінде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері бір-бірімен тікелей байланыста сабақтасты. Біздің ата-бабаларымыз тәңіршілдік, зороастрлық, шамандық дәстүрлерін синтездей отырып рационалдылық пен иррационалдылықтың, қастерлілік және прагматикалықты байланыстырған. Түркі әлемі зайырлы-діни контентті рухани мәдениетіне бойына сіңірді, кейіннен қазақ мәдениеті өзінің эволюциясында ислам дәстүрлерімен синтезделді.

- Қараханидтер дәуірі исламдану жағдайында зайырлы және діни билік қатар өмір сүрген бірегей тарихи кезеңді білдіреді. Исламның қоғамдық санаға айтарлықтай әсер еткеніне қарамастан, зайырлы билік практикалық ойлар мен тиімді мемлекеттік басқару қажеттілігін басшылыққа ала отырып, тәуелсіздігін сақтауға тырысты. Осы кезеңді зерттеу діни реформалар мен саяси қайта құрулардың орта ғасырлар мен қазіргі заманда зайырлылықтың қалыптасуы мен дамуына қалай ықпал еткенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

- Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай және басқа ойшылдардың шығармашылығында қазақ халқының зайырлылық және діндарлыққа қатысты ұстанымдарын айқындалған. Абай қарапайым халықтың үстірт діншілдігін, дін жолында жүрген кейбір азаматтардың дүмшелігін, сауатсыздығын сынға алады, сонымен қатар білім жолын таңдамаған жастардың болашағына алаңдайды. Сөйтіп, ойшыл «Толық адам» концепциясын қалыптастыру арқылы адамның қоғамдағы ерекше әмбебап қырларын ашуға шақырады.

- Зайырлы Қазақстан қоғамындағы дін руханиятты Қазақстанның зайырлы мәдениетінің ландшафтында, діндарлық және зайырлылық өзара тығыз байланыста және олардың теңгерімінде біздің қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасының күшеюі байқалады.

- Қазіргі кезеңде «Әділетті Қазақстан» идеялық-теориялық платформасы зайырлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуының ажырамас бөлігіне айналды. Жалпы қоғамдағы кез келген рухани құбылыстың тиімді іске асырылуы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуімен астасып жатады. Зайырлы Қазақстандағы дін руханиятты Қазақстанның зайырлы мәдениетінің ландшафтында, діни және зайырлы өзара іс-қимылда ұстайды, олардың теңгерімінде біздің қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасының күшеюі байқалады.

Зерттеу нәтижелерін жариялау және сынақтан өткізу. Зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 20 мақала жарияланды, оның 9-ы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті (КОКСНВО) ұсынған журналдарда: («Адам әлемі» - 5, «Әл-Фараби» - 2, «ҚазҰУ университетінің хабаршысы» журналында -1, «Тарих» электронды журналында – 1). Сонымен қатар, 2 мақала SCOPUS дерекқорында индекстелген журналдарда жарияланды: 1. Academic Journal of Interdisciplinary Studies. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan. Academic Journal of Interdisciplinary Studies, 2023, 12(5), PP 145–156; 2. Relacoes Internacionais no Mundo Atual. Intercultural connections in Central Asia: comparative study of Zoroastrian and Kazakh traditions, religiosity, and culture Vol.3, n.45|e-7486 | p.556-573| Julho/Setembro 2024.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, тұжырым және пайдаланылған әдебиеттер тізімін қамтиды. Жұмыс құрылымы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Диссертацияның жалпы көлемі - 124 бет.